

Мектептегі мерекелер

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

М. Искакова. Қариясын қадірлеген ел ардақты.....	3
Г. Чатаева. Туған жерім – елдігімнің айғағы.....	8
М. Дауылбаев. Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері.....	10
К. Сакенова. Ана тілім – асыл мұрам.....	13
С. Ерденбекова. Кітап – біздің досымыз.....	15
А. Тұрмағамбетова. Арналы бұлақ – асыл сөз.....	17
М. Маямерова. Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді.....	19
Г. Орынбекова. Ақылды тапқырлар.....	21
Р. Жалмуханова. «Жұлдызды сәт» сайысы.....	22
Г. Жұмаханова. Зерек балдырған.....	26
М. Құनियाзова. Ана – біздің күніміз.....	28
Б. Саржанова. Ас жүрген жер – береке.....	30
Р. Монтайбаева. Бесін асқа дастархан жасау.....	33
А. Баймуханова. Ардагермен кездесу.....	35
А. Кеншінбаева. Димаш Құдайберген – менің мақтанышым.....	37
Г. Әсімова. Тіршіліктің бұлағы.....	39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«ПЕДАГОГ LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
26.02. 2024 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

**Қоңырбаева Сараш
Сахиқызы** – әл-Фараби
атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

**Атабекова Бақытгүл
Ботабекқызы** – PhD,
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы. Алматы қаласы.

**НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ!**

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнінізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.



Қариясын қадірлеген ел ардақты



**Майра Капановна
ИСКАКОВА,
№34 негізгі
орта мектептің
психологы.**

**Сарыобалы ауылы,
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.**

Мақсаты: Халқымыздың ата заманнан келе жатқан ұлттық мұрасының бірі ұлттық салт-дәстүр негізінде адамгершілікке, имандылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Ұлттық дүниетаным негіздерін қалыптастыру. Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді балаларға ұғындыру, сол сөздерден өнеге алуға баулу.

1-жүргізуші:

Ата салты ардақты,
Әрбір сөзі салмақты.
Сол сөздерді ұқпасаң,
Тістерсің бір күн бармақты.

2-жүргізуші:

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз-дария.
Көп өнеге сөзі бар,

Сөзі соқпақ, өзі нар, - демекші, бүгінгі іс-шарамыздың құрметті қонақтарымен таныстырып өтейік: Бекеш ата, Мұқан ата, Төлеухан ата, Бағдат ата, Серікбай ата және Жетпісбай ата.

1-жүргізуші:

Түсіпов Бекеш Хасенұлы 1940 жылы дүниеге келген, ауылымыздың батагөй атасы жеті баланың әкесі, ауылымызға

қызметі сіңген немерелерінің сүйікті атасы.

Баймағанбетов Мұқан 1945 жылы дүниеге келген. Ауылымыздың имамы, 6 баланың әкесі, немерелерінің сүйікті атасы.

Райымбеков Төлеухан Сәдуақасұлы — 1942 жылғы, ауылымызға еңбегі сіңген механизатор, әр салада ауылымыздың өркендеуіне үлес қосқан 10 баланың әкесі, немерелерінің сүйікті атасы.

Шахмерденов Бағдат Түшкенұлы — «Елім деп соққан жүрегі бар, еңбекқор күшті білегі бар, мыңды жығар білімі бар, ақынжанды» жан. 1949 жылы дүниеге келген, 4 баланың әкесі, облыстық мәслихаттың депутаты, қазақ СССР-ның спорт шебері, ауылымыздағы «Би ата» ш/қ басшысы, немерелерінің сүйікті атасы.

Садуақасов Серікбай — 1951 жылы дүниеге келген, 4 баланың әкесі. Ауылымыздың жанашыры, қамқоршысы, ауылымыздың өркендеуіне үлкен үлес қосқан немерелерінің сүйікті атасы.

Жазыбаев Жетпісбай — 1954 жылы дүниеге келген. Көп жылдан бері мал шаруашылығында еңбегі сіңген, немерелерінің сүйікті атасы.

2-жүргізуші:

Бүгінгі «Қариясын қадірлеген ел ардақты» атты дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

Адам баласы өмір көшінде қандай кезең, қандай заман, қандай кез келсе

де, ұрпақ қамын, оның тәрбиесін бір сәтте де ұмыт қалдырған емес. Өйткені әркім өзі өмірге әкелген ұрпағына ғұмырының жалғасы, болашағы ретінде қарайды.

1-жүргізуші:

Тәрбие — адам тағдырын шешетін ұлы іс. Халқымыз ежелден салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, дінін, өнеге-өсиетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Олай болса, бізде өз үлесімізді қоса отырып, шақырылған аталарымызға қойылатын сұрақтарға кезек берейік.

2-жүргізуші:

Құрметті абзал Аталар, сұрақ кезеңін бастаймыз.

1) Қандай кітаптар оқисыздар? Әдеби кейіпкерлердің қайсысы сізге жақын?

2) Сіздің сүйікті отбасылық мерекеңіз, дәстүріңіз қандай?

3) Сіз неден көп үйрендіңіз, қателіктеріңізден бе, әлде табыстарыңыздан ба?

4) Сіз адам өмір бойы үйренеді деген

пікірді ұстайсыз ба?

5) Мінезіңіздің төрт қасиетінсіз өз ісіңіздің шебері болу мүмкін емес, соларды атаңызшы?

6) Кім болғыңыз келетінін қай жаста түсіндіңіз?

7) Сіз түйсігіңізге сенесіз бе?

8) Сізде нағыз дос бар ма? Оларды достардан, әріптестерден қалай ажыратасыз?

9) Сіз үшін мәңгілік құндылықтар қандай?

10) Сіз бір кездері алған ерекше сыйлық?

11) Өміріңізде сізге берген ең жақсы бағалы кеңес? Ол кім және қандай адам болды?

12) Қандай мамандықты Сіз маңызды деп санайсыз?

13) Өмірде бәрін сынап көру керек дейді. Сіз ешқашан тырыспайтын нәрселер бар ма?

14) Сіз өзіңізге айтылған сын-пікірді қалай қабылдайсыз?

15) Егер Сіз бүкіл әлемге Жолдау жібере алатын болсаңыз, сіз 30 секунд



ішінде не айтасыз?

16) Егер Сіз өткенге оралу мүмкін болса, қай жылға барар едіңіз?

1-жүргізуші: Келесі кезеңіміз «Сұрасаң, бата берейін». Аталарымыз үйге берілген тапсырма бойынша баталарын береді.

2-жүргізуші:

Батаның адам санасына әсер ететін үлкен күші бар. Халық бата жасалған жерде жақсылыққа сеніп, ынтымақ, береке болады деп ырымдайды.

Жалпы батаның мазмұны қазақ қоғамында алғыс пен қарғысты да, тілек пен дұғаны да, ризашылық пен ренішті де қамтиды. Сол арқылы халықты бір нәрседен тыйып, бір нәрсеге бағыттап отыратын әмбебап ұғым. Ол тікелей батагөйлердің беделіне қарай халыққа әсер еткен. Батагөй қариялар ел арасындағы жақсы істің іске асуына рухани демеу болып, жаман істің алдын алып, құптамай халыққа бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеп отырған дейді зерттеушілер.

Мысалы,

Е құдайым, жарылқа,
Жарылқасаң малды қыл,
Біткен жұрттың алды қыл,
Бұған қас қылғанның,

Малын алып зарлы қыл, - деп Алладан отбасына ырыс, береке сұрай отырып, бөле-жаладан сақтауын тілеген.

Қазақ үшін батаның қасиетті ұғым болғанына лиро-эпостық жырлар мен көркем шығармаларға арқау болған жастардың өмірі дәлел. Онда ата-анасының ақ батасын алмай қосылған екі жас мақсат-мұратына жете алмай-



ды. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы Төлеген әкесінен теріс бата алып, ғашығына қосыла алмай, арманда дүниеден өтеді. Сондықтан қазақ кез келген істі үлкендердің батасын алып бастайды.

1-жүргізуші: Бата беру дәстүрі қайдан шықты?

Ал батаның шығуына қатысты зерттеушілер бір пікірге тоқталмаған. Бірқатар маман оның араб елінің «фатеке» сөзінен шыққанын айтады. Фатеке дегеніміз — алғыс айту, ақ тілек білдіру.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» кітабында фатекенің негізінен намаздың соңында қол жайып айтылатын дұға екені туралы жазылған. Яғни қазақ баталары соның үлгісінде айтылады.

Қазақ қоғамында бата көбінесе астан кейін табақты жинап алудың алдында атқарылатын ғұрып ретінде қалыптасқан. Ақсақал бата бергенде шаңырақтағы жастар, кейде, тіпті, жасы үлкендер қол жайып, түрегеліп тұрады. Бұл үрдіс Қазақстанның оңтүстік пен батыс өңірлерінде сақталған.

2-жүргізуші: Батаны кімдер береді?

Қазақ халқы ақ ниетпен бата беріп, жақындары үшін тілек тілеуді дәстүрге айналдырған. Оны кез келген адам айта бермейді және тойдағы тілектен



айтарлықтай өзгешеленеді. Кімге қаратып айтылатынына қатысты да мәтіні өзгеріп отырады. Батаны көпті көрген қариялар ғана береді. Ер адам отырған жерде әйел бата жасамайды. Халық арасында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан баталар бар.

1-жүргізуші:

Серттесу батасы

Бұл бата құдалықта, ел арасындағы маңызды шараларда жасалады. Оны бұзу қарғыспен тең. Қазақ баталауды елдіктің, тектіліктің, азаматтықтың белгісі деп білген.

Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы баталасуға байланысты өз зерттеулерінде мынадай мысал келтірген: XVIII ғасырда Шақшақ қайтыс болғанда жас әйелі Сомалтынды жақын қайнысы Әйдеркеге қосады. Осы Сомалтының Шақшақтан туған жас баласы Есназар мен Әйдеркеден туған Жылқыайдар екеуі енелес. Екі бала бірге өсіп, ер жеткеннен кейін елдің басты адамдары жиналып, «Сомалтын — қасиетті, өнегелі ана болды. Бұдан былай одан туған Есназар мен Жылқыайдар бір ананың баласы болғандықтан, қанша ата өлсе де, бір-бірінен қыз алыспасын, өмір бойы туыс болып саналсын» деп қол жайып, аруақ атын айтып, баталасыпты. Міне, сол бата арада 400 жылдай уақыт өтіп, арасы 12 атаға толса да, әлі бұзылған жоқ.

Сақтық батасы

Уа, құдайым, тілегімді қабыл ет,
Иманымды кәміл ет
Тозақта жанған оттан сақта,
Қаңғырып тиген оқтан сақта, - деп
жаманшылықтың алдын алуға тырысқан.

Сонымен қатар қыздарына:

Қыздарың қылықты болсын,
Ғаламат білікті болсын,
Күндей нұрлы болсын,
Гүлдей түрлі болсын!
Өлмес өнер берсін,
Тендессіз дарын берсін, - дей келе,
келіндерге:

Жасың ұзақ болсын,
Күнің шуақ болсын,
Басыңа бақыт қонсын,
Үйіне жақұт толсын,
Балалы-шағалы бол,
Ағалы-жағалы бол, - деп, үлкендер
ризашылық білдіріп, ақ батасын берген.

2-жүргізуші:

Қызметке тұрғандарға:
Әумин десең есе берсін,
Қызырың кеп жетелесін.
Бақ-дәулет пен дәрежең,
Одан ары өсе берсін.
Ниетің ақ босын,
Құлқының пәк болсын,
Көңілің шат болсын,
Дау-дамайдан қашпа,
Араныңды ашпа,
Қиындықтан саспа,
Қара қылды қақ жарып,
Елді түзу баста.
Аллаһу акбар!

Қазақ баталарында этика, мораль, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, молшылық, бақыт, қонақжайлылық, аمانдық-саулық мәселелері қозғалады.

Мысалы, ұлыстың ұлы күнінде:

Наурызда берілетін бата түрлері бар
Ұлысың оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда барсаң жол болсын,
Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін! - деп, бата-
гөйлер халыққа мереке батасын бер-
ген.

Теріс бата

Қазақтың салт-дәстүрін зерттеген Қайыржанқажы Макин «Салтыңды сақта, дәстүріңді дәріпте» кітабында: «Бата — ізгі ниет, барлық наным-сенімнің бірлігі. Ата-тегін масқаралайтын ауыр қылмыс жасағанда теріс бата берген. Ол ұрпақтан-ұрпаққа кара таңба болып келген. Теріс бата алған адамды халық жек көріп, қонаққа шақырмаған, қыз алысып, дос болмаған. Ал теріс батаны қайтару үшін жұрты жинап, Алладан сұрап, жалбарыну рәсімін жасаған. Тірі болса, теріс батамды қайтып алдым деп айтқан. Сондықтан қанша жерден ашу қысқанмен, теріс бата беруге асықпаған», - деп жазған.

Сырбаз бата

Қазіргі күні көп қолданыста жоқ бата түрлері де бар. Мысалы, сараң адамдарға сырбаз бата берген. Кейбір кездері сыйлы қонақтар келгенде мал соймайын десе, елдің сөзінен қорқып, қонақтың сөгіп кетуінен именіп, жаман лақ, қотыр тоқты әкеле салады. Сол кезде сарандарға сырбаз бата берген екен. **Мысалы:**

Мына тоқтың тоқ па өзі,
Басқа малың жоқ па өзі?
Мұны соймай малдансаң,

Саулық болар көп-көрім,

Мұны тағы қинама.

Көме қатып қаймағын,

Шайың болса, құй маған, - деп, келген қонақ ренішін білдіріп, шай ішкен соң кетуге қамданып отырғанын жеткізген.

Әзіл бата

Бұл бата құрбы-құрдасқа, дос-жаран, жезде-балдыздардың сый-құрметтеріне көңілі толмаған кезде әзіл-қалжың, сын-сықақ түрінде айтылған. Әзіл батаны Айып Нүсіпқасұлының «Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан оқуға болады. Мысалы,

Әкелгенің арық қозы,

Зорға әкелдің өзін.

Бір келгенде қой сойсаң,

Кедейлесіп кетер ме едің өзің?!

Бата сыйы

Бата сөз тек қазақ жұртында емес, түркі-монғол халықтарында бағзы заманда дәстүрге айналған. Бурят елі мұны «юролы», алтайлықтарда «алқышы», немесе «алқышсос», монғолдар «еролы» деп атайды. Батагөйлер әр өлең өлшемін дәлме-дәл сақтай отырып, әсем жеткізген. Қазақтың бата сөздері XIX ғасырда алғаш рет жиналып, жариялана бастаған.

Қазақ батасын алған адамға бата сыйын жасаған. Яғни, бата берген адамға рахмет айтылып, мата немесе мал түрінде сыйлық берген.

2-жүргізуші: Келесі кезекте үйге берілген тапсырма бойынша Бата беру челленджін бастаймыз. Мұқан ата, Бекеш ата, Төлеухан ата, Серікбай ата, Жетпісбай ата және Бағдат аталарымыз әр түрлі баталарын берді.

Аталарымызды «Дипломдармен» марапаттауға рұқсат берсеңіздер.

Туған жерім – елдігімнің айғағы

Мақсаты: 1. Оқушылардың өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту;

2. Туған еліміздің тарихымен, рәміздерімен таныстыру, естерінде қалдыру.

Мақсатты іске асыру үшін:

1. Қазақстан рәміздері;
2. «Туған жер» атты газетін шығару;
3. «Менің Отаным» деген тақырыпқа оқушыларға шығарма жаздыру;
4. Цитаталар, плакаттар жазу;
5. Викториналық сұрақтар жаздыру;

6. Кеш тақырыбына байланысты ән-күй дайындау;

7. Ұлттық киімдер әзірлеу, гүл, бидай масағының макетін дайындау;

8. Сыйлықтар алып, Алдар атаның қоржынына салу;

9. Шақыру билеттерін жаздыру.

Көрнекілігі: 1. Бөлмені әзірлеу. Жалау, ту, туған жер газеті, мақалдар, нақыл сөз, газеттер ілу;

2. «Алматым әсем қалам», «Менің Қазақстаным» буклеттері;

3. Оқушылар шығармашылығынан, салған суреттерінен көрме.

Барысы:

Құрманғазының күйі «Серпер» орындалып тұрады.

Мұғалім: Қымбатты шәкірттерім, қадірлі ұстаздар мен ата-аналар!

Дәл осынау тәуелсіздіктің таңын атқызуға арқау болған 16 желтоқсан оқиғасынан кейін 1991 жылдың 16 желтоқсан күні қазақ елі шынайы тәуелсіздік алды. Тәуелсіздік біздің

басымызға қонған бақ, бақыт. Бұл тәуелсіздік – Сырым Датұлы, Кенесары, Исатай, Махамбет, Аманкелді Иманұлы, Қайрат Рысқұлбеков сияқты қазақтың ардақты ұл-қыздарының төгілген қаны мен терінің нәтижесінде келген еркіндік. Олай болса, балалар тәуелсіздігімізді қолдай, қорғай білуіміз керек. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз. Ана тілімізді қадірлейік, балалар. Осы тұрғыда «Туған жер» туралы шығарма жаздырған едім, енді балалардың өз жүрегінен шыққан үндерін тындап көрейік.

Оқушылар шығармаларын, өлеңдерін тыңдау.

Оқушы: Қымбатты достар! Біздің мәдениетіміз ұлтымыздың рухани айнасы. Біз қазір өзіміздің туған жерімізді тереңірек біле түсу үшін сырттай саяхатқа шығамыз. Бұл сапарда бізге өздерің жақсы білетін Алдар көсе, Тапқышбек, Балдырған бала жолбасшы болады.

«Сарыжайлау» күйі орындалады.

Сахнаға Алдар көсе (дорба асынған) Тапқышбек пен Балдырғанды ертіп шығады.

Алдар көсе: Сәлеметсіздер ме, балалар! Тойларың құтты болсын!

Оқушылар: Айтқаныңыз келсін. Рахмет ата, төрлетіңіз.

Алдар көсе: Балалар, сендер жыл бойы «Бабалар өсиеті» деген бағытпен жұмыс жасады деген соң, мені сендерге «Атамекен» ордасы жіберді. Білімдерін тексер деген, сендер бабалар өсиетін білесіңдер ме?

Оқушылар: Білеміз. «Бабалар өсиеті» ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген дана, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, шешендік сөздер жинағы.

Тапқышбек: Ендеше, балалар, «Бабалар өсиеті» деген не екенін тындап көрейік.

Балдырған: Алдар ата, алдымен бабалар сіз туралы біле ме екен сұрайықшы?

Алдар көсе: Мақұл, сұрайық. Кімде-кім мен туралы ертегінің атын тез әрі көп айтатын болса, оған берер сыйлығым дайын.

Қоржынын көрсетеді.

Оқушылар: «Алдардың ғажайып шапаны», «Өтеген бай мен Алдар көсе», «Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе», «Алдар көсе мен шайтандар».

Алдар: Жарайсындар, достарым! Сендерге көп-көп рахмет. Мен туралы көп ертегі біледі екенсіңдер.

Тапқышбек: Қазақ халқында қорқақтықты, менмендікті, кекшілдікті, жалқаулықты жеріне жеткізе сынап, ал адалдықты, батырлықты, еңбек-қорлықты мадақ ететін нақыл сөздер өте көп. Қане, нақыл сөздер, шешендік ойлар айтатын балалар бар ма?

1-оқушы: Батыр жауда сыналады,
Жуас жайда сыналады.

Ерлік — елдің қасиеті,
Жүректілік — жігіттің қасиеті.

2-оқушы: Ақылы жоқ адамға,
Өтірік сөзің шын болар.

Ақылсыз дастан,
Ақылды дұшпан артық.

3-оқушы: Әрбір жалқау кісі — қорқақ, надан, арсыз келеді.

Жалқаудың жанына барсаң,
Сылтаудың астында қаласың.

Тапқышбек: Өте жақсы. Ал қазір балалар, мақал-мәтелдердің бірнешеуінің алғашқы бір шумағын ғана айтамын. Ал сендер екінші шумағын айтындар.

1. Жалқаудан жаман жоқ ... (Оқымасан маман жоқ)

2. Білім іздеген өсер ... (Бүлік іздеген өшер)

3. Ер жігіт ел үшін туады ... (Ел үшін өледі)

Алдар: Жарайсындар, балалар! Бұл жолы да білімді екендеріңді көрсеттіңдер.

Ал, енді жұмбақ жасырсақ шеше аласындар ма?

Оқушылар: Шешеміз, ата, шешеміз.

Тапқышбек: Бір нәрсе өзі биік, іші қуыс,

Ол заттың көп бөлігі айқыш-ұйқыш.

Көзі бар жарқыраған төбесінде.

Жайса үлкен, жиналғанда бір-ақ уыс.

Оқушылар: Киіз үй.

Тапқышбек: Тығыз белбеу, қос жібек,

Екі мұрын бір шүмек.

Оқушылар: Домбыра.

«Айгөлек» әні орындалады.

Балдырған (жұртқа қарап): Әй, мыналар білгір ғой өзі. Тіпті талайды тақырға отырғызған Алдар атаның да аузын аштырмайды ғой, жарайсындар, достарым!

Балдырған: Балалар, сендер мені қаншалықты жақсы көріп оқитындарыңды тексеремін және біздің егемендік еліміз туралы не білетіндеріңді тандайық.

Тапқышбек: Ой, бауырым, бұл оқушылар өте көп біледі.

Балдырған: Ал, бастайық. Алматы-

ға дейін Қазақстанның астанасы қай қала болды?

Балалар: Қызылорда — Ақмешіт деп аталған.

Тапқышбек: Революцияға дейінгі қазақ ағартушыларынан кімдерді білесіңдер?

Оқушылар: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов.

Алдар: Ат әбзелдері қалай аталады?

Оқушылар: Ертоқым, жүген, үзеңгі, ауыздық, тартпа.

Тапқышбек: Республиканың мемлекеттік рәміздерін ата. Ол туралы не білесіңдер?

Елтаңба, әнұран, байрағы бар 3 оқушы алдыға шығып өлең оқиды.

«Қазақтың дастарханы» әні орындалады.

Мұғалім: 1992 жыл 4 маусымда Президентіміз Н.Ә. Назарбаев ту шашағын сүйіп тұрып: «Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі жасасын» деді емес пе?!

Сондықтан еліміздің киесі, тәуелсіздіктің иесі, асыл тұғырларымыз мәңгі жасасын.

Г. ЧАТАЕВА,
Қаскелең қосалқы
мектеп-интернатының тәрбиешісі.
Қарасай ауданы,
Алматы облысы.

Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері

Мақсаты: Махамбет Өтемісұлының әрі батыр, әрі ақын болумен қатар күйші екендігін балаларға әңгімелеп таныстыру. Оқушыларға Махамбет Өтемісұлының өмірін күйлерін, өнегелік келбетін таныстырып білімдерін көтеру. «Махамбеттің ариясын» тыңдағаннан кейін балаларға динамикалық белгілер жөнінде түсіндіріп, музыкалық сауаттарын жетілдіру. Шәкірттерге ребус шешкізіп, ой-өрістерін дамыту.

Жалынды ақын Махамбеттің батырлығын, күрескерлігін айтып оқушылардың Отанды сүйуге, қорғауға деген патриоттық сезімін тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі және сабаққа қолданылатын техникалық құралдар:

Махамбет Өтемісұлының портреті, проигрыватель, күйтабақ (плас-тинка), динамикалық белгілерге, ребуска арналған плакаттар, т.б.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар сабаққа «Махамбеттің термесі» әуенімен кіреді.

Махамбет Өтемісұлының өмірімен танысып, күйлерінің мағынасына үңілу. Хафиз Есімовтың орындауында «Махамбеттің ариясын» тыңдау.

Динамикалық белгілердің түрлеріне тоқталу. Дауыс шынықтырып «Солдат

болам мен ертең» әнін үйрену. Ребус шешу.

Сабақты қорытындылап бағалау.

Үйге берілетін тапсырма: Жаңа сабағымызда өтілген Махамбет Өтемісұлының өмірін оқып, күйлерімен жақынырақ танысу.

Динамикалық белгілердің түрлерін және «Солдат болам мен ертең» әнінің сөзін жаттап музыкасын есте сақтау.

Сабақтың жоспары:

1. Сабақ тақырыбы: Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері;
2. Музыка тыңдау: «Махамбеттің ариясы»;
3. Музыка сауаты: Динамикалық белгілер;
4. Дауыс шынықтыру: Ма – ми – я.
5. Ән. Кеңес Дүйсекеевтің «Солдат болам мен ертең» әнін үйрену;
6. «Ақын» ребусын шешу;
7. Қорытындылау, бағалау;
8. Үйге тапсырма беру.

Сабақтың жүру барысы.

Оқушылар сыныпқа «Махамбеттің термесі» әуенімен кіреді.

Шәкірттер әдеттегідей ұстазына сәлемдеседі.

Сабақта кім бар кім жоғын түгендеу.

Сабақтың ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылардан өткен сабақта қандай ән үйренгендіктерін сұрау.

Оқушылар алдыңғы сабақта «Қазақстан» әнін үйренгендіктерін айтады.

Төрт-бес оқушыдан «Қазақстан» әнінің сөзі жатқа сұралады.

Мұғалім: Оқушылар біз бүгін сыныпқа жалынды ақын, дәулескер күйші, батыр бабамыз Махамбет Өтемісұлының «Махамбеттің термесі» әуенімен кірдік. Қазір ғана аты аталып өткендей біздің осы сабағымыздың

тақырыбы «Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері». Балалар, біздер бұл сабақта Махамбет Өтемісұлының батырлық, ақындық қырларымен қатар күйлерінің сырын ашпақпыз. «Махамбеттің ариясын» тыңдап, динамикалық белгілермен танысамыз. Ән үйреніп, ребус шешеміз.

1. Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері.

Махамбет Өтемісұлы — халықтың азаттығын көксеген күрескер, қол бастаған батыр, құдіретті ақын, дәулескер күйші. Туып өскен жері Бекетай деген өңір (Ішкі Бөкей ордасы). Бұл қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданына қарайтын жер.

Махамбет өзі өмір сүрген заманының ағымына жүйрік, көзі ашық, көкірегі ояу жан болған. Ол қазақ тілімен қатар орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген.

Махамбет Өтемісұлының өлең-термелері мен күйлері күрес-тартыс үстінде туды. Оның термелері Отан қорғауға шақыратын үлгі термелер. Сазгер-күйші Махамбеттің күйлеріне үзеңгілес серіктерінің қиын сәттердегі әр тұлғалары, туған жердің қадір қасиеті арқау болып отырған.

Махамбеттің күйлері: «Қайран Нарын», «Жұмыр Қылыш», «Жайық асу», «Нарын», «Өкініш», «Жорық», «Исатайдың Ақтабаны-ай», «Нарын», «Тарлан», «Ақжелең», «Шілтерлі терезе», «Қиыл қырғыны».

2. Музыка тыңдау «Махамбеттің ариясы».

Ария — операдағы әр кейіпкердің сипатына байланысты айтылатын әуен. Ария операда ғана емес, контакта мен ораторияда да кездеседі. Енді

осы «Махамбеттің ариясын» тыңдап жіберейік. Балалар, сіздер арияны тыңдаған кезде байқаған боларсыздар, әншінің дауысы және музыканың дыбысы арияның кей тұстарында қатты шықса, кейбір тұстарында жай естіледі. Бұдан шығатын қорытынды, динамикалық белгілер әндегі дыбыстардың күшін бірте-бірте күшейтіп немесе баяулатып шығару үшін қажет.

3. Музыка сауаты. Динамикалық белгілер.

Сонымен, динамикалық белгілердің қатты және жай шығарылу таңбаларына тоқталайық.

F «форте» ол дыбыстардың шығу күшінің қатты болуын көрсетеді.

ff «фортессимо» да дыбыстар өте қатты шығады.

P «пиано» таңбасы дыбыс күшінің жай шығуын көрсетеді.

РР «пианиссимо» дыбысының шығу күші «пиано» таңбасынан екі есе жай болады.

«крещендо» таңбасы дыбыстардың шығу күшін күшейтеді.

«диминуэндо» дыбыстарды баяу шығару үшін қолданылады.

4. **Дауыс шынықтыру:** Ма – ми – я.

Мұғалім: Балалар дауысты шынықтырған кезде Ма – ми – я буындарында ауызды домалақтап айтуымыз керек. Мысалы: Мо – мүй – ио.

Ма — ми — я дауыс шынықтыруының дыбыстары P жайдан F қаттыға дейін көтеріліп айтылса, осы дыбыстар қайтып төмен қарай келе жатқанда F -дан P -ға жайлап шырқалады.

5. **Ән.** Кеңес Дүйсекеевтің «Солдат болам мен ертен» әнін үйрену.

Композитор Кеңес Дүйсекеев аға-

мыздың «Сәлем саған туған ел», «Домбыра туралы баллада», «Ойлан, балам», т.с.с. әндері бар.

Бүгін біз Кеңес Дүйсекеевтің «Солдат болам мен ертең» әнін айтып үйренеміз.

Ән орташа екпінмен жеңіл орындалады.

6. Ребус «Ақын» шешу.

Мұғалім: Оқушылар мен бүгін сіздерге Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері жөнінде әңгімеледім. Махамбеттің батыр тұлғасын танып, ақын-композитор екенін білдік. Ал енді Махамбет Өтемісұлының күйлеріне құрылған «Ақын» ребусын шешейік.

Ж	А	Й	Ы	Қ		А	С	У		
Ж	Ұ	М	Ы	Р		Қ	Ы	Л	Ы	Ш
			Н	А	Р	Ы	Н			
			Ө	К	І	Н	І	Ш		

Тақтадағы күйлерге қарап «Ақын» ребусының ішіндегі күйлерді дәл тапқан оқушылар, қолдарын көтеріп жауап берсін.

7. Қорытындылау, бағалау.

Мұғалім: Балалар! Бүгінгі біздің жаңа сабақта өткен тақырыбымызды кім маған айтып берер екен?

Оқушылардың жауабы: Бүгінгі біздің жаңа сабақта өткен тақырыбымыз «Махамбет Өтемісұлының өмірі және күйлері».

Мұғалім: Махамбет Өтемісұлын сендер кім деп білесіңдер?

Оқушылардың жауаптары: Ма-
хамбет Өтемісұлы батыр, ақын.

Күйші композитор. Ол терме де шығарған.

Сұрақ: Динамикалық белгілердің қандай түрлері болады, жаңа «Солдат болам мен ертең» әні сіздерге ұнады ма?

Оқушылардың жауаптары: Динамикалық белгілердің қатты, өте қатты, жай, өте жай түрлері болады. Жаңа ән бізге ұнады.

Мұғалім: Балалар! Сабақты жақсы түсініпсіңдер.

Мен сіздерді «4» пен «5»-ке бағалаймын.

8. Үйге тапсырма беру.

Махамбет Өтемісұлының өмірі мен күйлерін оқып, динамика белгілерін қайталау «Солдат болам мен ертең» әнінің сөзін жаттау.

М. ДАУЫЛБАЕВ,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» АҚ «Атырау
облысы бойынша Кәсіби даму
институты» филиалының музыка пәні
әдіскері
Атырау қаласы.

Ана тілім – асыл мұрам



**Калкен
Серікқызы
САКЕНОВА,**
ҚМҚК №42 «Тілек»
балабақшасы
«Балдырған»
тобының тәрбиешісі.
Қарағанды
қаласы.

Тәрбиеші:

Ана тілім — дана тілім, айбарлым,
Сырың терең, тұнығындай қайнар-
дың.

Ана тілім — қасиетім, қастерлім,

Бір өзіңнен бақыт нәрін алғанмын,
- деп ақындар жырлағандай, халқы-
мыздың өшпес асылы, сөнбес шыра-
ғы, мол қазынасы, сан ғасыр тарихы
бар, қасиетті тіл мен өнеріне арналған
«Ана тілім — асыл мұрам» атты тақы-
рыптық сабағымызды бастаймыз.

- Балалар, қандай мерекені атап өт-
келі жатырмыз?

- ҚР Тілдер күнін.

- Қане, балалар осы тіл мерекесіне
ән-жыр тапқатарымызды арнайық.

1-бала:

Менің тілім біреу-ақ,
Сөйлейтін де жазатын.
Тауып қойған тілеуі-ақ,
Қазақ деген өз атын.

Дариядай пейілі,
Тілі, діні, жыры да,

2-бала:

Ана тілім — ана күтім, арым менің,
Сәулетім — сая бағым, сәнім менің.
Аспаным өзіңменен арайланып,
Нұрланып атар ылғи таңым менің.

3-бала:

Тілім барда мақтанам,
Тілім менің аппақ ән.
Бірлігімде бүгінгі,

Ана тілім сақтаған.

2-бала: Мен саған сұрақ қойғым келіп тұр? Осы тіл не үшін керек?

1-бала: Досым-ау, тіл бір-бірімізбен сөйлесу үшін қажет қой.

2-бала: Жарайды, онда адамдардың бәрі бір ғана тілде сөйлемей ме? Неге ана тілі деп бөледі?

1-бала: Себебі, әр елдің өз Отаны, өз тілі бар емес пе.

- Балалар, сендер бір-біріңмен сөйлескенде қай тілде сөйлесесіңдер?

- Қазақ тілінде, ана тілінде сөйлесеміз.

- Неге біз өз тілімізді ана тілі дейміз?

- Себебі, бұл тілді анамыздың аузынан естиміз.

- Дұрыс айтасыңдар. Ана тілі дегеніміз, ананың ақ сүтімен бойға дарыған өз анамыздың тілі ғой. Ал, ана деген — бәрінен де, қастерлі, аяулы да, асыл жан.

Ал, енді барлығымыз орнымыздан тұрып, «Ана тілін сүйеміз» әнін орындайық.

Тәрбиеші: Тіл халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Әр ұлттың тілі, оның бақыты, тірегі.

4-бала:

Ақыл-ойын дараның,

Ана тілден аламын.

Ана тілім ардақты,

Ақ сүтіндей анамның.

5-бала:

Ақыл-ойын дананың,

Ана тілден аламын.

Сүйем туған тілімді,

Мақсат етем әр сөзін.

6-бала:

Ана тілім — елім,

Қайсар, қайрат, күнім.

Ана тілім — менің,

Баста бақыт құсым.

«Ананың тілі — аяулым менің» әні орындалады.

Тәрбиеші: Ана тілі туралы кім қандай мақал-мәтел біледі?

7-бала:

Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді.

8-бала:

Піл көтермейді,

Тіл көтереді.

9-бала:

Ақыл көркі — тіл,

Тілдің көркі — сөз.

10-бала:

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте.

11-бала: Өнер алды — қызыл тіл.

12-бала:

Тілден биік асқар жоқ,

Тілден терең теңіз жоқ.

«Туған жер» әні орындалады.

Тазша бала кіреді. Балалармен амандасып, әкелген жұмбағын жасырады, санамағын айтқызады.

13-бала:

Ана тілі біздің туған анамыз,

Анамыздай сынап бағып қағамыз.

Ана тілін бағаласақ қалай біз,

Өзіміздің солай болмақ бағамыз.

Абылай:

Ана тілді білмесем,

Шат-шадыман жүрмес ем.

Жер бетінде сайраңдап,

Қазақ болып жүрмес ем.

Тәрбиеші: Балалар, міне осы өлең-тақпақтарда айтылғандай, өз тілімізді, қадірлеп, оны сүйе білуіміз керек. Тіл бар жерде, ұлт та, ел де, жер де, болмақ. Сондықтан әрқайсысымыз өз ұлтымыздың тілін қадірлей білейік.

Кітап – біздің досымыз

Мақсаты: оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы дүниетанымын молайту, тіл байлығын, сөздік қорын байыту, ой-өрісін дамыту.

Ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі:

1) Кітап макетіне жазылған ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар;

2) Нақыл сөздер: «кітап – ғажап дос, сенімді сырласың», «Білім мен даналық – адам көркі».

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Барысы:

Тәрбиеші: Армысыздар, қонақтар, оқушылар!

Бүгінгі «Кітап – біздің досымыз» ашық тәрбие сағатын Ахмет Байтұрсынұлының өлеңімен бастауды жөн көрдім.

Балалар, бұл жол басы даналыққа,

Келіндер, оқып байқап қаралық та.

Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,

Соларды көре тұра қалалық па?

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріндер, іздеп тауып алалық та!

Осы кезде есік ашылып, үлкен кітап бейнесін мойнына ілген оқушы кіреді.

Кітап: Бәрекелді! Мың рахмет Ахмет атамызға. Балалар, мен сіздерге үлкен қуанышпен келдім және дос болып қайтатыныма сенемін.

1-оқушы: Қош келдіңіз, қымбатты досымыз – кітап, жоғары шығыңыз. (Кітапты биік жерге қояды)

Кітап: Балалар, мен бүгінгі мерекемізді жұмбақ айтудан бастайын.

1) Көп әңгіме, өлеңім,

Күнде ақыл беремін.

Жақсы көрсе мені кім,

Мен де жақсы көремін. (Кітап)

2) Үндемес серік, ақылы берік. (Кітап)

Оқушылар жұмбақ шешеді.

Тәрбиеші: Балалар, біз кездесуімізді мұндай жұмбақтармен тегіннен тегін бастап тұрған жоқпыз.

Бүгінгі әңгімеміздің өзі «кітап» жайында болмақ. Кім біледі, балалар, «Кітап» деген сөз қайдан шыққан, қандай мағына береді?

Кітап: Мен өзім жауап берейін бе?

1-оқушы: Жоқ, балалар жауап берсін?

2-оқушы: Кітап – арабтың жазу деген сөзі. Кітап – рухани қазына, өмір айнасы, замана сыры, тарих шежіресі, оқу-тәрбие құралы. Алғашқы кітап жазу құпиясын тек дінбасылар мен монахтар ғана білген.

1-оқушы: Иә, дұрыс айтасың.

Тәрбиеші: Алғашқы кітап баспасы ағаштан жасалды. Каллиграфия қалыбы XI ғасырда пайда болды, ал қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Бұған дейін қазақ халқының кітаптары көбінесе араб әрпімен жазылып, қолжазба түрінде тарады. Осыған орай Қазақстанның кітаптары Қазан, Уфа, Орынбор, Ташкент, Семей, Омбы қалаларында шыға бастады. Кітап таңдап, талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіне жарата білу

— әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир. Сондықтан дүние жүзіндегі тұңғыш кітаптар — еврей еліндегі «Таурат», қытай тіліндегі «Конфуций», парсы тіліндегі «Авеста», грек тіліндегі «Інжіл», араб тіліндегі «Құран». Мемлекетімізде ең маңызды ірі кітаптар Құран. Мағынасы «оқу» дегенді білдіреді. Бұл қасиетті кітапта жалпы адам баласының өмірдегі барлық сұрақтарға жауап алатыны біреуге белгілі болса, біреуге беймәлім. Сол сияқты Ата заңымыз жазылған конституция кітабын біз құрметпен оқуымыз керек, тағы бір маңызды кітап — Қызыл кітап. Қазақстанның Қызыл кітабында сирек және жойылып бара жатқан түрлердің тізіміне енгізілген жабайы омыртқалылардың 87 түрінің және өсімдіктердің 303 түрінің қазіргі таралуы, санының жай-күйі, биологиясы туралы мәліметтер келтірілген. Қызыл кітапқа ресми енгізілген өсімдіктердің 16 түрі Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аумағында тіркелген.

Кітап: Ой, бәрекеелді өздерің менің тарихымды жақсы біледі екенсіңдер. Міне, осылай мен өмірге келгем. Менің атыма сай ішкі мәнім де өзгерді. Мен өзімді жазған ақын ағаларымның көңіл-күйін, ішкі сезімін жеткіземін. Сендермен бірге қуанып, бірге күлемін, қиналамын. Сенбесең менімен бірге бол.

(Кітаптың бірінші бетін ашады)

1-бет. «Екі кітап» көрінісі.

2-бет. Жұмбақ айтыс. (Екі оқушы

өзара жұмбақ айтысады)

3-бет. Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық.

Ы. Алтынсарин.

4-бет. Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты.

Қырандай күшті қанаты,

Мен жастарға сенемін.

М. Жұмабаев.

5-бет. Кітап — білім бұлағы,

Білім — өмір шырағы.

Тәрбиеші: Міне, көрдіңдер ме, кітаппен достассаң, осының бәрін білесің. Бірде білім нәріне кенелсең, бірде сонау сиқыршылар әлеміне сапар шегесің, бірде ұялтса, бірде мақтайды, бірде бүкіл әлем сырын алдыға жайып салады. Онсыз дүние жүзі балаларымен дос та бола алмайсың. «Кітапсыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген осы.

Кітап: Міне, балалар, мен осындаймын. Мені оқысандар қызыққа кенелесің, тауды жарып, тасты бұзасың, бүкіл әлемге саяхат жасайсың.

Тәрбиеші: Бізде де кітапқұмар балалар бар. Міне, бір топ балалар жиылып, кітап туралы өз өлеңдерін жазыпты, тыңдайық.

1-оқушы:

Кітаптар — бейне жапырақ

Жырлайтын сырын өмірдің.

Оқисың кейде жатып ап,

Көтеріп күйін көңілдің.

2-оқушы:

Айдыны шалқар кейде бір,

Кітапты тұнған көл дерсің.

Ауадай қажет бейне бұл,

Татпасаң нәрін шөлдерсің!

3-оқушы:

Кітап алма ағашы,

Жемісін бізге беретін.

Тәтті алмаға балашы,

Кітабыңның әр бетін.

Кітап: Балалар, сендер осы менің беттерімнің қалай шығатынын білесіңдер ме?

4-оқушы: Әрине, білеміз. Кітап басып шығару үшін талай адам тер төгеді. Аялап өсірген сансыз ағаштар қағаз үшін кесіледі. Сол қағазға әріптерді қатесіз әрі көркем етіп шығару үшін көп күш жұмсалады.

5-оқушы:

1) Кітап — алтын қазына.

2) Күш — білімде, білім — кітапта.

6-оқушы:

1) Кітап — ғылым, тілсіз мұғалім.

2) Наданмен дос болғанша,

Кітаппен дос бол.

7-оқушы:

Адамның досы кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиған мүлкі.

Ақылшы, жанға серік, жол бастаушы,

Асыл ой қазынасы, өмір көркі.

Қорытынды:

Тәрбиеші: Кітабың — сенің құралың, Жағар білім шырағың.

Баса алмайсың ешқашан,

Онсыз алға бір адым, - деп сабағымызды аяқтаймыз.

Салима Токтаровна ЕРДЕНБЕКОВА,
Сарқан қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернатының тәрбиешісі.

Сарқан ауданы,

Жетісу облысы.

Арналты бұлақ — асыл сөз



Ләззат
ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
№19 орта мектептің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Жақсықылыш кенті,
Арал ауданы,
Қызылорда облысы.

Мақсаты:

Білімділік: оқушыларды топқа бөле отырып, сөз өнерінен алған білімдерін сарапқа салу;

Дамытушылық: оқушылардың ой-өрісін танымдылық қасиеттерін

сөз өнеріне деген қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылыққа шыңдау, ойлау қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелілік: оқушыларды өз ана тілінің сырын ұғып құрметтеуге, шұғыл шешім қабылдай білуге, іскерлік қабілеттерге тіл арқылы ұлылар өмірінен үлгі алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: жазба парақтары, конверт тапсырмалары.

Құрал-жабдықтар: белсенді тақта.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, сұрақ-жауап.

Түрі: сайыс.

Барысы. *Мұғалім-жүргізуші:* Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! 3-сынып оқушыларының арасында өтетін «Сөз өнері» әлеміне саяхат жасап «Арналы бұлақ — асыл сөз» атты топтық сайысымызға қош келіпсіздер! «Сөз — күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады, асылы адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Сөз мәңгі жасайды», - деп Ғ. Мұстафин ағамыз айтқан. Олай болса топтық сайысымызды бастаймыз.

I топ. «Қыран»;

II топ. «Барыс»;

III топ. «Бірлік»;

IV топ. «Жалын».

Сайыс шарттарымен таныстыру:

Сайыс барысы:

I. Қолыма қалам алдым... (Ұйқасын табу)

II. Бейне сұрақ (Шешендік сөздер)

III. Ойлы болсаң, озып көр. (Сөз мағынасын ашу)

IV. Кім көп біледі? (Сөзтізбе)

V. Жылдам жауап (Топ басшылар сайысы)

VI. Шешендік шеберлік. Егер мен....

1. Әділқазы мүшелерін таныстыру.

I. «Қыран» тобы.

Күш жігер ептілік бар бойымызда,
Намысты қолдан бермеу ойымызда.
Қырандай қырағы сөйлейтін,
Біз қыранбыз тек биікке самғайтын.

II. «Барыс» тобы.

Өнер мен білімде,
Әркімнің өз жолы бар.

Барыстың тобында,
Шешендік, тапқырлық болу бар.

III «Бірлік» тобы.

Білім мен бірлікті көрсетер,
Ұлылар сөздерін үлгі етер.

Тобымыз бірлік боп келіп тұр,
Бірліктің жалауын желбіретер

IV. «Жалын» тобы.

Білімнің жалынын жағатын,
Ойдан ой құрап тез табатын.
«Жалын» боп тобымыз келіп тұр,
Арнайы бұлақтай ағатын.

Сайыс барысы:

«Ұйқасын тап».

I топ. Қолыма қалам алдым.

.....

I. Бүгін желтоқсанның бірі

.....

Күн суытып күркірер

.....

II топ. Сабақтан мен кешіктім

.....

Түйе жейтін жантақ

.....

III топ. Омартада әсел көп

.....

Саусағы ұзын биші болар

.....

IV. топ. Ұзақ деген қарға

.....

Оқымасаң сабақты

.....

II. Бейне сұрақ. (Шешендік сөздер).

III. Ойлы болсаң, озып көр. (Сөз мағынасын ашу).

- Тайға таңба басқандай;
- Қой аузынан шөп алмас;
- Түймедейді түйедей қып;
- Төбе шашы тік тұрды.

IV. Кім көп біледі? (Сөз тізбесі)

Әр топ өзіне түскен әріптен сөздер тізбесін жасайды.

Әр сөз сол әріптен басталуы керек.

V. Жылдам жауап. (Топ басшылар сайысы)

VI. Шешендік шеберлік. Егер мен...

Дәрігер болсам...

Ұстаз болсам...

Зерттеуші болсам...

Әкім болсам...

III. Қорытынды.

Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді

Мақсаты:

Білімділік: оқушылардың адамгершілік тәрбиесінен білік-дағдыларын қалыптастыра отырып, осы бағытта өзге елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру;

Дамытушылық: жалпы адамгершілік қасиеттерін дамыту, осы сабақтағы әдістердің бірі — тіл дамытушылығына баса назар аудару. Нақыл сөздердің мағынасына, тәрбиелік жақтарын талдап, саралау;

Тәрбиелілік: адамгершілік тәрбиеге тоқталу арқылы оның ішінде алғашқы сәлемдесу әдебінің маңызын аша отырып, адамшылық қасиеттерді қалыптастыру.

Түрі: аралас.

Көрнекілігі: әр түрлі үлгі сөздер, слайд, кітапшалар (көріністер, оқушылар көмегімен).

Жоспары:

I. Кіріспе. Сәлем — сөздің анасы;

II. Әр елдің салты басқа (амандасу түрлерін айтып көрсету);

III. Жақсы сөз — жан азығы.

1-оқушы: Қай халық болмасын, қай ел болмасын, бір-біріне жылы мейірмен кеңпейілділікті, достықты, өзара жақындықтарын білдіріп, амандық-саулық сұрасып, өзінің аман екендігін білдіруі — сәлемдесуінде.

2-оқушы: Ендеше, біз бүгінгі «Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді» атты ашық тәрбие сағатымызды Абай атамyzдың өлеңімен бастауды жөн көрдік.

3-оқушы: Кең дәурен, қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз.

Күншілдіксіз тату бол, шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты естен кеткіз.

Бір жерде бірге жүрсең, басың қосып,

Біріннің бірін сөйле, сөзін тосып,

Бірінді-бірін қадыр тұт, құрмет етіс.

Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

4-оқушы:

Мен жолымды берейін, өт, қарағым

Несін күттің, несіне көп қарадың?

Анасының бергенін саған берген,

Аруағынан айналдым текті ананың.

Жалған-ай, жарасымды-ау ізет деген,

Иілген «сіз өт» пенен «біз өт» пенен.

Қасиетін халқының сыйламайды,

Атасының дәстүрін күзетпеген.

«Сәлем, саған туған ел» әні орындалады.

5-оқушы: Амандасу адамгершіліктің, әдептіліктің бір белгісі болып табылады.

6-оқушы: Сәлемнің сәлемдесу, сәлем беру, сәлем қылу сияқты көптеген түрлері бар.

7-оқушы: Сәлемдесу — кездескен адамдардың бір-бірінің амандығын біліп қуанышқа бөленуі. Бір-біріне амандық-саулық тілеп, тілектестігін, ниеттестігін білдіру, әдептілік пен ізеттілік нышанын көрсетіп жақсылыққа жарылқауы.

8-оқушы: Әрбір адам «Қайырлы таң», «Қайырлы кеш» деген сөздерді амандасуға қосып айтады.

9-оқушы: Үлкен адамға сәлем беру — кіші адамның міндеті. Қазақта «Алыстан алты жасар бала келсе, ауылдағы алпыс жасар қария сәлем береді» деген әдеп бар.

10-оқушы: Жасының үлкендігін міндет етпей, алыс жол жүріп келген немесе ауылға алғаш рет ат басын тіреген адамға үлкен адамдар өзі келіп сәлем береді.

11-оқушы: Алдымыздан кезіккен,
Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен,

Біздер сәлем береміз:

Хормен: Ұл-қыз сәлем береміз, өнегелі өренбіз.

12-оқушы: Мысалы, Орта Азиядағы туысқан түркі халықтары барлық мұсылман елдеріндегідей, «Ассалаумағалейкум» деген араб сөзімен амандасады, ол «Сізге Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді, оған жауап, яғни, сәлемді алу ретінде айтылатын «Уағалейкум ассалам» сөздері «Алланың рақым нұры сізге де жаусын» дегенді ұқтырады.

13-оқушы:

«Әссалаума әлейкум» - деп дидар несіп еткенде,

Қол алысып, көңілденбес жоқ пенде.

Күн нұрындай сәлеміне адамның,

Бұл дүниенің ғанибеті жеткен бе!

«Ассалаумағалейкум» әні орындалады.

II. Әр елдің салты басқа (амандасу түрлерін айтып көрсету).

14-оқушы: Балалар біз қандай елдерді білеміз? Орыс, ағылшын, қытай.

Әр елдің өзіне тән діні, тілі, салт-дәстүрі, өзіндік ерекшеліктері бар.

Ендеше сол елдердің бір-бірімен қалай сәлемдескеніне куә болайық.

Ұлттық билерден көрініс.

IV. Жақсы сөз — жан азығы.

1-топ «Имандылық» орталығы;

2-топ «Өнер» орталығы;

3-топ «Шығармашылық» орталығы.

«Имандылық» орталығы сәлемдесу, хадистер туралы айтады.

15-оқушы: Сәлемдесе білген адам иманды. Ислам діні сәлем беруді, рұқсат сұрауды шарифатқа енгізген. Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) хадис шарифтерінде: «Бір-біріңмен сәлемдесіп жүріңдер, сонда ғана араларыңда мейірім-махаббат оянады», «Өзіңе кезіккен жасы үлкендерге сәлем беріп, амандас. Оны тану-танымауың шарт емес. Ол достықты арттырады әрі адамдығыңды анықтайды», «Сәлем — Алланың жердегі есімдерінің бірі» дейді.

- Ендеше, «Өнер» орталығының көрінісін тамашалайық.

Көрініс «Аталар өсиеті»

Орындаушылар: Жігіт, 1-қарт, 2-қарт, 3-қарт.

Жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіріп, тәлім-тәрбие берген ата-әжелерімізге арнаймыз.

«Асыл атам, ақ әжем» әні орындалады.

«Шығармашылық» орталық.

Мақал-мәтелдер. Нақыл сөздер, тақпақтар жазып кітапша шығарады.

«Қуыршақтар» биі орындалады.

V. Қортынды жасау.

Сәлемдесу ынтымақ, бірлікке шақырады. Адамдықтың белгісі сәлемдесу екенін ұмытпайық. Сәлеміміз түзу болсын! Сәлемдесер адамымыз көп болсын!

**Майдангүл Нұрдаулетқызы
МАЯМЕРОВА,**

Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

**Жаркент қаласы,
Панфилов ауданы,
Жетісу облысы.**

Ақылды тапқырлар

Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін анықтау, ой-өрісін кеңейту, білімге деген құштарлығын дамыту. Оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту, ойды жүйелеу қабілеттерін, есту қабілеттерін дамыту. Қазақстанның білімді, үлгілі азаматы болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: сөзжұмбақ, слайд және мақал-мәтелдер.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, алтын дала (қағазбен жұмыс).

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, тәрбиешілер, оқушылар және ойынға қатысушы сайыскерлер. Бүгінгі «Ақылды тапқырлар» атты интеллектуалды ойынымызға қош келдіңіздер.

2-жүргізуші: Қатысушы топты ортаға шақырайық.

1-топ: «Болашақ», 2-топ: «Достық».

1-жүргізуші:

Ал келіндер, келіндер,
Бір-біріңе еріндер.
Білімінді тексеріп,
Ойынға қатысып көріндер.

2-жүргізуші: Бүгінгі ойын топтық сайыс түрінде өтеді. Бөлімдерімен таныстырып өтейік.

1-тур: «Сұрақ-жауап»;

2-тур: «Сөзжұмбақ»;

3-тур: «Алтын дала» (қағазбен жұмыс);

4-тур: «Мақал-мәтел».

1-жүргізуші: Ойынымызды бастамас бұрын нақты шешімін беретін қазылар алқасымен таныстырып өтейік.

2-жүргізуші: 1-тур: «Сұрақ-жауап»

1-бөлімінде қатысушылар қойылған сұраққа тез және нақты жауап беру керек. Дұрыс жауапқа 5 ұпай.

1. Қазақстанның тәуелсіздігіне канша жыл толды?

2. Қазақстанның туының түсі қандай?

3. Астанамыз қай қала?

4. Қыстың алғашқы белгісі не?

5. Жаз айларын ата?

6. Қардың түсі қандай?

7. Тәуелсіздік күні қашан?

8. Соңғы қоңырау қашан соғылады?

9. Президенттің туған күні қашан?

10. Наурыз көже неше түрлі дәммен жасалады?

11. Бір айда неше күн бар?

12. Қазақтың үш биін ата.

13. Астана күні қашан?

14. Біз қай елде тұрамыз?

15. Қазақ алфавитінде қанша әріп бар?

1-жүргізуші: 2-тур «Сөзжұмбақ» шешу.

1) Үш көзді батыр

Жолды аңдып жатыр. (Бағдаршам)

2) Жер бетінде шашы бар

Жер астында басы бар. (Сәбіз)

3) Кезекті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар. (Түйе)

4) Айбат шеккен алыстан,

Аң патшасы... (Арыстан)

5) Әрі төсек, әрі үй,

Иесі оның сәби. (Бесік)

6) Көк лағым көгенде

Жатып семіреді. (Қарбыз)

7) Түрі жылқы бейнесі,

Жолақ-жолақ бейнесі. (Зебра)

8) Торын құрып қояды,
Шыбындарды жояды. (Өрмекші)

1-жүргізуші: 3-турымыз «Алтын дала» (қағазбен жұмыс)

Әр топқа 1-сөзден беріледі. Әрбір қиылған әріптен сөз құрау.

1-сөз «Бәйтерек». Елордамыз Астанада өзі зәулім, ең биік, әдемі ғимарат, ол қандай ғимарат?

2-сөз «Бәйшешек». Көктемде ең бірінші гүлдейтін қандай гүл?

2-жүргізуші: 4-тур «Мақал-мәтел».

Берілген мақал-мәтелдегі жасырын сөздерді тауып, жалғастыру.

- 1) Отан - ... бесік.
- 2) Жері байдың ... бай.
- 3) Отан оттан да ...
- 4) Отансыз адам, ормансыз ...
- 5) Тілдің көркі - ...
- 6) Аталар сөзі - ... көзі.

7) Ас адамның ...

8) Жүз сом ақшаң болғанша ...

9) Еңбек түбі ...

10) Өнер алды ... тіл.

1-жүргізуші: Осымен «Ақылды тапқырлар» интеллектуалды ойынымыз өз мәресіне жетті. Әр топтың ұпайларын анықтауды әділ қазылар алқасына берсек.

Қортынды: Жеңген топты марапаттап құттықтау.

Гульзат Азатбековна ОРЫНБЕКОВА,
«Сарқан қаласының облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты» КММ-нің тәрбиешісі.
Сарқан ауданы,
Алматы облысы.

«Жұлдызды сәт» сайысы



**Рауза Шакеновна
ЖАЛМУХАНОВА,**
Серебряково
жалпы орта білім
беретін мектебінің
география-биология
пәндерінің мұғалімі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан
облысы.

Мақсаты: оқушылардың сабақтан алған білімдерін қайталау, жинақтау, іздену және ойлау қабілетін, пәнге қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге ықпал ету, өз бетінше іздену жұмысына баулу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, шарлар, мақал-мәтелдер.

Әдісі: сұрақ-жауап, сөзжұмбақ, шығармашылық жұмыстар.

Түрі: сайыс.

Сынып: 5-7 сыныптар.

Сабақтың жоспары:

I. Кіріспе. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Негізгі бөлім:

1. Таныстыру;
2. Кім жүйрік?
3. Көкпар;
4. Шығармашылық жұмыс (сөзжұмбақ);
5. Шешендік өнер;
6. Полиглот;
7. Тартыс. Тамаша алтылық.

III. Қорытынды бөлім.

Сабақтың барысы:

I. Кіріспе. Ұйымдастыру кезеңі.

Акт залына нақыл сөздер, шарлар, мақал-мәтелдер ілу. 5-сынып, 6-сынып және 7-сынып оқушыларын топқа бөлу.

Нақыл сөздер: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе — білім» М. Әуезов.

«Бар ізгілік тек білімнен алынар,

Білімменен аспанға жол салынар»
Ж. Баласағұн.

5-сынып: «Жапырақ» тобы, 6-сынып «Інжугүл» тобы, 7-сынып «Барыс» тобы.

Тапқыр, білгір, дарынды,

Жарыс бар бүгін арынды.

Сүйсең туған жерінді,

Ортаға сал барынды.

II. Негізгі бөлім:

1. Таныстыру:

Әр топ өздерінің таңдап алған топ атауларын қорғайды. Топ басшысы, топ мүшелерін таныстырады.

2. Кім жүйрік?

1. 3 түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы оның бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды? (Түйеқұс ұшпайды)

2. 3 кг ет 3 сағат піссе, 5 кг ет қанша сағат піседі? (3 сағат)

3. Екі қарғаның біреуі оңтүстікке, екіншісі солтүстікке қарап отыр. Достым, мен сені көріп отырмын, дейді. Олар бір-бірін қалай көреді? (Бір-біріне қарама-қарсы отырған)

4. Сағат 22-де жауын жауып тұрса, 24 сағаттан кейін күннің жарқырап тұруы мүмкін бе? (Жоқ, ол кезде түн болады)

5. Адам бір аяғымен тұрғанда 55 кг тартса, екі аяғымен тұрғанда қанша кг тартады? (55 кг)

6. Ағаш үстінде 30 торғай қонып отыр еді, балалар бір торғайды тұзақпен ұстап алғанда қанша торғай қалды? (Қалмайды, үркіп, ұшып кетеді)

3. Көкпар.

Жаратылыстану пәнінен сұрақтар:

5-сынып бойынша:

1. Экватор дегеніміз не? (Жердің дәл ортасынан 0 деп алып, шартты түрде жүргізілген сызық);

2. Галактика дегеніміз не? (Жеке жұлдыздар тобы);

3. Жер мен Күннің орташа ара қашықтығы? (150 млн км);

4. Табиғатта болатын өзгерістер? (Кұбылыс);

5. Жер тобына жататын ғаламшар? (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс);

6. Телескопты алғаш ойлап тапқан кім? (Г. Галилей).

Биология пәнінен сұрақтар:

Сұраққа қай топ оқушылары бірінші жауап береді, сол топ бір ұпай иеленеді. 6-сыныпқа жеке, 7-сыныпқа жеке сұрақтар қойылады.

6-сынып:

1. Өсімдіктану оқулығын жазған ғалым. (Кудерин);

2. Қанша қорық бар, оларды ата. (9);

3. Өсімдік жасушасының құрылысы. (Жасуша қабықшасы, цитоплазма, ядро, пластид, вакуоль);

4. Өсімдік мүшесінің сыртын қаптап, кеуіп кетуден, сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларынан сақтайтын ұлпа. (Жабын);



5. Сабаққа, жапыраққа мықтылық қасиет беріп, сынудан, майысудан қорғайтын ұлпа. (Тірек);

6. Өсімдіктің вегетативті мүшесі. (Тамыр, сабақ, жапырақ);

7. Өсімдіктің жер асты мүшесі. (Тамыр);

8. Асқабақ, асбұршақ, қауын, күнбағыстың тамыры. (Кіндік тамыр);

9. Бидай, жүгері, арпа, сұлы, тары, күріштің тамыры. (Шашак);

10. Жапырағы мен бүршігі бар бұтақтанбаған жас сабақ. (Өркен).

7-сынып:

1. Жануарларды жіктеуде үлес қосқан ғалым. (К. Линей);

2. Жануарлар дүниесінің екі тармағы бар. (Біржасушалы, көпжасушалы);

3. Денесі бір ғана жасушадан тұратын, көпшілігі микроскоп арқылы ғана көрінетін организмдер. (Қарапайымдар);

4. Қарапайымдар өкілі. (Амеба, жасыл эвглена, кірпікшелі кебісше);

5. Қантышқақ ауруын тудыратын қарапайым. (Дизентерия амебасы);

6. Ұлпалардың түрлері. (Эпителий, бұлшық ет, жүйке, дәнекер);

7. Паразит құрттарды зерттейтін сала. (Гельминтология);

8. Сорғыш құрттар өкілі. (Бауырсорғыш);

9. Денесі буылтықтарға бөлінбеген, шұбалаңқы, цилиндр пішінді немесе ұршыққа ұқсас жәндік. (Жұмыр құрт);

10. Буылтық құрттар қанша класқа жіктеледі. (Аз қылтанды, көп қылтанды, сүлік)

4. Шығармашылық жұмыс (сөзжұмбақ)

Әр топқа сөзжұмбақ үлестіріліп беріледі. Әр

дұрыс жауап бір ұпаймен есептеледі.

Сәресіні атқарған, орылып алып бақтардан (тары);

Өзі шырын, үйіреді адамның тілін (қауын);

Дәні алтын, асырайды халқын (бидай);

Қызыл қалпақ киеді, піскенде басын жерге иеді (шие);

Төтеп берер дауылға, өсіріндер ауылға (қарағай);

Қабат-қабат тоны бар, арасынан жемістердің танып ал (орамжапырақ);

Тау-тау үйілген ақ алтын, табады оның атын кім (мақта);

Қып-қызыл боп дөңгелек, бақшаларға өң береді (томат);

Таңертең де, түсте де күнге бетін бұрады, тостағанын кішкене, тосады да тұрады (күнбағыс);

Сырты қатты ұстасаң, шырынын ала алмассың қыспасаң (анар);

Тұздықпен жүреді, жауабын кім береді (пияз);

Өсіп тұрған талда, қып-қызыл ол ... (алма);


Еті қызыл дөңгелек, күзде жейміз күнде кеп (қарбыз).

5. Шешендік өнер. Жеміске сипаттама беру. (Әр топ себеттен жемістер тандап алып, сол жеміске толық сипаттама береді. Мысалы; алма, сәбіз, қияр, т.б. Әр дұрыс сипаттамаға бес ұпайдан беріледі)

6. Полиглот.

Жұмбақ шешу: (Оқушылар жұмбақты шешіп, жауабын үш тілде айтады. Әр дұрыс жауапқа үш ұпайдан беріледі)

1. Жазда тұ-



рып жоғары, күзде жерге қонады. (Жапырақ, листья, leaves);

2. Аспай піскен, қайнамай түскен. (Жеміс, фрукт, fruit);

3. Сырты тас, іші ас. (Жаңғақ, орех, nut);

4. Жер астында, жез қазық. (Сәбіз, морковь, carrot);

5. Ұзын мұртты сарылар, қойынында наны бар. (Бидай, пшеница, weal);

6. Көктемде ақ гүлге оранады, күзде қолға доп болып оралады. (Алма, яблоко, apple);

7. Біреуін жерге беріп, күзде онын тердім. (Тұқым, семя, seed);

8. Дауылға нық күшті, ағаштың мықтысы. (Қарағай, сосна, pine tree);

9. Үстіне тігіп көк шатыр, астында қызыл дәу жатыр. (Қызылша, свекла, beet);

10. Қасына келсең жылайсын, ащы деп те сынайсың, келмейін деп ойласам, керек деп өзін сұрайсың. (Пияз, лук, onion);

11. Орақ болып туады, табақ болып тынады. (Ай, луна, moon);

12. Бар ма, жоқ па білмейсің, ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің. (Ауа, воздух, air).

7. Тартыс. Тамаша алтылық.

Математика 10 20 30

Әдебиет 10 20 30

Қазақ тілі 10 20 30

Биология 10 20 30

География 10 20 30

Жаратылыстану 10 20 30

Математика:

10. Оған қай санды қоссақ та сол қосқан санымыздың өзі шығатын сан? (0);

20. Көлемнің өлшем бірлігі? (Куб);

30. 30-ды 60 рет алдым және оған 7 қостым, барлығы неше? (1807).

Әдебиет:

10. Қазақтың 3 биі? (Төле, Қазыбек, Әйтеке);

20. Бұзылмай сақталатын қазақтың ұлттық тағамы? (Құрт);

30. «Әке мен бала» кімнің әңгімесі? (Ы. Алтынсарин).

Қазақ тілі:

10. Қиын сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөз? (Оңай);

20. Малшы сөзін сөз құрамына талдап бер. (Мал — түбірі, шы — жұрнақ);

30. Қасқыр сөзімен мәндес сөз. (Бөрі, ұлыма, итқұс).

Биология:

1. Жыртқыш құс. Балық, кеміргіштермен қоректенеді. (Үкі);

2. Бұл ерекше ағза — саңырауқұлақ пен цианобактериялар симбиозы. Зерттейтін ғылым — Лихенология. 3 топқа бөлінеді: қабыршақ пішінді, жапырақ пішінді, бұта пішінді. (Қына);

3. Аңыз бойынша бұл құстар періштелерді көргенде белгілі бір дыбыс шығарып, адамдарға белгі береді екен. Бұл қандай құс? (Қораз).

География:

1. Магелланның саяхатының нәтижесінде дәлелденді. (Жер шар тәрізді);

2. Сіздер бейтаныс жерге кемеміз жүзіп келіп, жергілікті адамдармен тіл табыспақшы болып, оларға әр түрлі сұрақтар қоя бастадыңыздар. Ал олар сіздерге «Кенгуру» деген сөзден басқа сөз айтқан жоқ. Сіздер қай жерге келдіңіздер және адамдар не деп жауап берді? (Аустралия, «түсінбедім»);

3. Бұл арал орта мұхиттық жотаның көтерілуінен пайда болды. Бұл сөнген және әрекет етуші жанартаулар патшалығы. Ең ірісі — Гекла, ел астанасы — Рейкьявиктен шығысқа қарай орналасқан. Өзінің шығу тегіне байланысты аралда гейзерлер өте көп. Сан мыңдаған гейзерлердің ыстық сулары үйлерді, жылыжайларды жылытуға пайдаланылады. (Исландия)

III. Қорытынды.

Зерек балдырған

Мектепалды дайындық топаралық интеллектуалды сайыс.

Мақсаты:

1. Балдырғандардың тез ойлау, есте сақтау, зейін қабілеті мен жауапкершіліктерін арттыру;

2. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу мәдениетін, ойын жинақтап, қойылған сұраққа нақты жауап беруі, шығармашылық қасиеттері мен тіл байлығын дамыту;

3. Адамгершілікке, ұйымшылдыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Сайыс барысы:

I. Жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты достар. Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткізіліп отырған мектепалды дайындық топ аралық интеллектуалды сайысына қош келдіңіздер.

II. Сайыс шарттары:

1. Топты таныстыру, топ ұраны;
2. Мақал-мәтел сайысы. (Отан, ерлік, төрт түлік туралы);

3. «Жаңылтпаш айт, жаңылмай айт». (Жаңылтпаш айту);

4. Жорға. (Сұрақ-жауап);

5. Сандар сыры: Логикалық есептер шығару;

6. Сөз маржаны. (Тәуелсіздік туралы тақпақ);

7. Жыл мезгіліне саяхат. (Шығармашылық жұмыс, әр топ жеребе бойынша алған жыл мезгілінің суретін салу, оны қорғау).

Кіріспе бөлім:

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,
Тәлім-тәрбие таба ма,
Бұл бәйге ойдың бәйгесі,
Кім жүйрік ойға сол алда, - деп сайысқа қатысушы әр топтан төрт балдырғанды ортаға шақырамыз.

Өнер білім өнеге тұрған дарын,
Білімдіге өз басым таң қаламын.
Сайысты әділдікпен бағалайтын,
Шақырайық қазылар алқаларын, - деп сайысты бағалайтын әділ қазыларымызды таныстырайық.

Сонымен сайыстың бірінші бөлімінде

I. Таныстырып тобынды,

Көрсетсеңші, топ басшы.

Білімді озат тобыңмен,

Қанекей бүгін топ жаршы, - деп сөз кезегінде топтарын таныстырып, ұранын айтады (таныстыру бойынша қазылардың қояр бағасы).

II. Мақал – сөздің мәйегі:

Жарыста озып шығар жүйріктері,
Қайсысы бақтарынан көрер енді.

Қанекей, өрендерім, сайысқа шық,
Таң қалдыр біліміңмен көрерменді,
- сайысқа қатысушылар мақал -мәтел айтып жарысады.

III. «Жаңылтпаш айт, жаңылмай айт» жаңылтпаш айту сайысы:

1. Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.

2. Пай, пай, пай,
Жайылып жүр тай.

Ай, ай, ай,
Ұшып кетті торғай.

3. Шын еңбекші – өрмекші,
Өрмекші шын өрнекші.

4. Екеуінін жасы шамалас,

Бірінің шашы — қара шаш,
Бірінің шашы — ақ шаш аралас.

5. Ала-ала алашалар,

Тамаша олар,

Оған кім таласа алар.

IV. Ғылымның сырын ұғына,

Шығындар білім шыңына!

Ұқыптылық пен зеректік.

Жеткізер сіздей өренді,

Білімдінің сырына!

Қадамдарың оң болсын,

Сәт-сапар енді тілейін!

Ендігі кезекте **жорға** сайысы. **Шарты:** тақтада берілген ұяшықтарды таңдап, әр санда жасырылған сұраққа жауап беру. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан есептеледі.

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздерін ата.

2. Елтаңбада ненің суреті бар?

3. Ту туралы не білеміз?

4. Елбасымыз кім?

5. Елордамыз қай қала?

6. Бір жылда неше мезгіл бар?

7. Қыс айларын ата.

8. Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгеріс болады?

9. Көктем мезгілінің ерекшелігі қандай?

10. Кемпірқосақтың неше түсі бар?

11. Төрт түлікті ата.

12. Нағашы деп кімді айтамыз?

13. Көк түсті бояу мен сары түсті бояуды араластырса жасыл түс пайда болады, ал қызыл мен қара түсті араластырса қандай түс пайда болады?

14. Қайықты қиып жапсыру үшін қандай фигураларды қиюымыз керек?

V. Сандар сыры.

Ал балдырған, балалар,

Қане бері қарандар.

Сайысымызды бастайық,

Санжұмбақты қиналмай.

Лезде шешіп тастайық, - ендігі кезек логикалық есептеуге келіп тұр.

Себетте бар көп алма,

Жуылғаны бес алма.

Жуылмапты үш алма

Қосып бәрін санашы

Себетте бар неше алма? (8)

Екі қоянның 4 құлағы бар, ал бес қоянның құлақтары нешеу? (10)

Өлкемізде белгілі,

Кәрі Каспий теңіз бар.

Айлақтағы тұраққа,

Төрт кеме келіп тоқтады.

Қосылды оған тағы да,

Ақ кеменің екеуі.

Қане енді санашы,

Нешеу болды барлығы? (6)

Жайылып жүр өрісте,

Бес ақ қой, үш қара қой.

Қане өзін ойлан тап,

Жайылып жүр неше қой? (8)

Мен санасам бес асық,

Бес асықтың несі асық.

Ішінде сақа болмаса,

Кел ойнайық екеуміз.

Асығынды қой тізіп,

Мәссаған,

Сенің асығың көптеу екен,

Санап қарасам жетеу екен.

Сақамды иіріп атамын,

Бәрін ұтып аламын,

Қане енді санашы,

Нешеу болды барлығы? (12)

Бәрін қосып санадық,

Енді азайтып қарайық.

Бұтаққа қонған 10 құстың,

Ұшып кетті үшеуі.

Қалды сонда неше құс? (7)

6. Қажу бар ма тұлпарға,

Талу бар ма сұңқарға.

Білім күшті оларда,

Салсын барын ортаға.
Сайыстың ендігі кезеңі

Сөз маржаны. (Тәуелсіздік туралы тақпақ айту)

Лаула, лаула Желтоқсанның мұзда
жаққан алауы, - деп ақындардың жыр-
лаған өлең жолдарын әр топ мүшелері
Тәуелсіздіктің 25 жылдығының ме-
рейтойына арналған көркем сөз айта-
ды.

7. Тауды биік деме сен,
Талаптансаң шығасың.
Қарсылас мықты деме сен,

Білімді болсаң жығасың. Сайыстың
соңғы кезеңіне де келіп жеттік.

Жыл мезгіліне саяхат. Шығармашы-
лық жұмыс. Әр топ таңдаған сандар
бойынша алған жыл мезгілінің суретін
салу, оны қорғау.

Қорытынды.

Гүлжайна ЖҰМАХАНОВА,
«Күйкен орта мектебі» ММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі.
Бейнеу ауданы,
Маңғыстау облысы.

Ана – біздің күніміз

Мақсаты: балаларға аналар мейра-
мы туралы түсінік беру. Барлық ана-
ларға деген сүйіспеншіліктерін арт-
тыру, ана еңбегін ардақтап, құрметтей
білуге тәрбиелеу. Балалардың ой-өрі-
сін, тіл байлығын, сөздік қорын дамы-
ту.

Көрнекілігі: сынып іші мерекеге сай
безендірілген, ана туралы мақал-мә-
телдер, гүлдер, шарлар.

Ана есімінен бұл дүниеде қасиетті
ештеңе жоқ, ардақтамайтын халық та
жоқ. Алайда, еш нәрсеге қарамастан
ананың балаға, баланың анаға деген
махаббаты шексіз болады.

Жүргізуші:

Бар қатемді кешірген,
Сүрінсем келіп дегенен,
Ақ сүтін беріп өсірген,
Ақ мамам саған бас ием, - деп орта-
ға оқушыларды шақырамыз.

**«Құттықтаймын, мама, туған кү-
ніңмен!» әні орындалады.**

Баққа гүл толғанда,
Біз оны жинаймыз.
Мереке болғанда,
Анаға сыйлаймыз. (барлық оқушы
айтады, аналарына ашық хаттарын бе-
реді)

Жүргізуші: Күлімде, күн күлімде,
Бүлдіршіндер қуансын.
Қырдың көкшіл түгіндей
Мың бұралып би салсын.
«Боз жорға» биі биленеді.

Жүргізуші:

Ана – тіршіліктің көзі,
Махаббаттың шуақ күні,
Мейірімнің бұлағы, - дей келе оқу-
шыларымызды ортаға шақырайық.

1-оқушы:

Сіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар!

2-оқушы:

Анамызды сүйеміз

Ақылын ойға түйеміз
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз!

3-оқушы:

Жақсы көрем күлкінді,
Айналайын ақ мамам.
Менің мамам сүйкімді,
Бәрінен де жақсы адам.

4-оқушы:

Жылылықтан жаралған,
Құшағы оның таң ба екен?
Менің айдай анамнан
Асқан сұлу бар ма екен?

5-оқушы:

Еркелесем күлімдейтін,
Ұрысқаны білінбейтін,
Маңдайымнан иіскеп мені
Құлыншағым, күнім дейтін.

6-оқушы:

Ақ пейілді аяулым,
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын
Айналайын, анашым!

Жүргізуші:

Күлімде, күн күлімде,
Бүлдіршіндер қуансын.
Қырдың көкшіл түгіндей
Мың бұралып би салсын.
«Көктем келді...» биі биленеді.

Жүргізуші:

Күлімдеген көзіңнен,
Күн мейірімі сезілген.
Бұл жалғанда балаға,
Жақын жан жоқ өзіңнен, - дей оты-
ра оқушыларымызды ортаға шақыра-
йық.

7-оқушы:

Құшағы кең теңізден,
Аясындай гүл бақтың.
Аппақ сүтін емізген,

Қымбаттысың қымбаттың
Ана қандай жақсы адам.

8-оқушы:

Ана — дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана — дейді жас сәби де жарқылдап.
Ана — деген бәйтерегі өмірдің
Ана — деген алтын қазық, алтын бақ.

9-оқушы:

Аялаған анамыз,
Саялаған панамыз,
Шынары боп өсеміз
Шырағы боп жанамыз.

10-оқушы:

Жүре берші қасымда,
Әйбат анам, ай анам.
Ботам деген даусыңнан
Мен мәз боп оянам.

Жүргізуші:

Бар өмірдің жүрегі,
Өзің алтын ордасың.
Тілегімнің тірегі

Уайымың болмасын,-дей келе оқу-
шыларымызды ортаға шақырайық.

11-оқушы:

Теңдесі жоқ данасың,
Арқа тұтар панасың,
Еңбегінді ақтаған
Аман болшы, анашым!

Жүргізуші:

Сұлу қыздар, гүл қыздар
Өмірге мән беретін,
Күндей нұрлы жүздерің,
Шапағат, мейір төгетін,- деп ақын-
дарымыз жырлағандай, кезекті биге
береміз.

**Оқушылардың орындауында ырғақ-
ты би.**

Жүргізуші: Ана өмір мәңгілік
Жүзі нұрлы таң күліп,
Ана десе әркімнің,

Көкірегінде жанды үміт,-дегендей бүлдіршіндерімізді ортаға шақырайық.

«Біз – өмірдің гүліміз» әні орындалады.

Әлпештеген анамыз,

Біз бақытты баламыз!

Оқып білім аламыз,

Жұлдыз болып жанамыз! (барлық оқушылар бірге айтады)

«Әрқашан күн сөнбесін» әні орындалады.

Қорытынды: «АНА» деген ұлы есім. Оны толқымай, тебіренбей айта алмаймыз. Сондықтан да барлық уақыт-

та анамызды сыйлап, құрметтейік, балалар.

Аналар, қалқып бақыт аралына,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа,
Осыменен кешімізді аяқтайық,
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа.
Қорытыныды.

Мадина Канатбекқызы ҚҰНИЯЗОВА,
Мукарама атындағы орта мектептің
бастауыш сынып мұғалімі,
Дайыр ауылы,
Зайсан ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.



Ас жүрген жер – береке



Бақыт
САРЖАНОВА,
Қаскелең
қосалқы мектеп
интернатының
тәрбиешісі.
Қаскелең қаласы,
Қарасай ауданы,
Алматы облысы.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға денсаулықтың негізі — дұрыс тамақтану, дәрумендерге бай, денсаулыққа пайдалы тағамдарды күнделікті қолдану керек екенін түсіндіру.

Білімділік: оқушыларды дастархан басындағы салт-дәстүрді сақтауға үйрету, оларға ұлттық тағамдардың қадір-қасиетін ұғындыру, ұлттық ыдыс-аяқтардың атауларын айтып таныстыру;

Дамытушылық: оқушыларды әдеп-ғұрыпқа, ырым-тыйымдардың, мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқуға, сөздік қорларын байытуға, дұрыс сөйлеуге үйрету;

Тәрбиелік: оқушыларды нанды қас-терлеуге, асты ысырап етпеуге, тазалық сақтауға, күн тәртібін дұрыс орындауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, ұлттық ыдыс-аяқтарды көрсету, нақыл сөздер.

Сабақ әдісі: аралас сабақ.

Сабақ барысы:

Кіріспе сөз.

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда.

«Денсаулық — терең бақыт» деген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да,
- деген.



1. Денсаулықтың негізі — дұрыс тамақтану. Тамақтану — адам ағзасы үшін аса маңызды қажеттілік. Біздің денсаулығымыз көбінесе тамақтануымызға байланысты. Адам үнемі күш-қуат жұмсайды, дұрыс тамақтана білуі тиіс. Дұрыс тамақтану — денсаулық негізі. Өткен кезеңнің данышпан адамдары айтқан: «Біз тамақ ішу үшін өмір сүрмейміз, өмір сүру үшін тамақтанамыз» - деген екен. Дұрыс тамақтану — дегеніміз бұл тамақтан әр түрлі қажетті азықты қабылдау.

2. Қазақ халқы асты дұрыс бағалап, қадірлей білген сондықтан қазақтар тамақты жоғары қойған. «Астан үлкен емессің», «Ерді қорласаң састырап, асты қорласаң құстырап» деген секілді ескертпе сөздер ел мен елді татуластырып, жақсылар жайсаңдарды паш еткен, қазақ кең дастархан арқылы яғни, ас, қонақ асы арқылы сыйын көрсеткен. (Слайд)

3. Мысалы: Мектеп асханасын алайық. Сендер асханада неше мезгіл тамақтанасыздар?

Оқушылар: бес мезгіл.

Тәрбиеші: Қай уақытта?

Оқушылар: таңғы ас, түскі ас, бесін ас, қонақ асы, кешкі ас. (Слайд көрсету)

Ағзада қоректік заттар қарапайым заттарға ыдырайды да, қуат бөліп шығарады. Осы қуаттың арқасында адамдар жұмыс істейді, қозғалады. Спортпен айналысады.

Тәрбиеші: Сендер таңертең тұрғанда не істейсіңдер?

Оқушылар күн тәртібін айтады. (Слайд көрсету)

Ретсіз тамақтану (кейде ерте, кейде кеш) көбінесе асқазан ауруына шалдықтырады. Белгіленген уақытқа сәйкес тамақ ішіп үйренсе, сол уақытқа

сәйкес ас қорыту сөлдерінің бөлінуі қалыптасады. Бұл ағзаның жұмысын жеңілдетіп, астың жақсы қорытылуына жағдай туғызылады. Тамақты ұйқыға жатарға дейін 2 сағат бұрын ішу керек.

Тәрбиеші: Балалар, сабағымыздың келесі кезеңі «Дастархан басындағы сақталатын ырым-тыйымдар». Тыйымдар:

А) Нанды бір қолмен үзуге болмайды;

Б) Тамақты жатып ішуге болмайды;

В) Ас үстінен аттама, астан үлкен емессің;

Г) Әкесі отырғанда баласына бас тартылмайды;

Д) Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоюға болмайды;

Ж) Ас ішіп болған соң, «тойдым» деуге болмайды, «қанағат» деу керек;

З) Балаға ми жеуге болмайды.

Ми жемейді жас бала,

Миды ұсын басқаға.

Быжыр болып өсеміз,

Ынжық болу масқара.

Тәрбиеші: «Дастархан басындағы дәстүрлер» қандай?

А) Халық қуанышты да, қайғыны да дастархан басында бөліскен. Өсиет айту, бата беру, достасу бәрі де дастархан басында шешілген. Сондықтан да халық дастарханды «Құттыхананың берекесі» деп қасиет тұтады;

Ә) Сонымен бірге дастархан күнделікті отбасының тамақтануына, үйге келген адамға дәм таттыруға, той тамашаға, ас беруге жайылады;

Б) Ас ішу кезінде сылпылдатпай тәртіппен тамақтану, қасықты оң қолмен ұстау, түзу отыру, тазалық сақтау тәртіптері орындалады;

В) Қолға су құю оң жақтан солға қарай орындалады;

Д) Дастарханнан дәм татқандар, татуласу, келісу сияқты рәсімдерді орындайды;

Ж) Күнделікті отбасының тамақтануына ас қою, ас ұсыну, ас алу, асқа бата беру рәсімдері орындалады;

З) Дастархан жанындағы адамдар жасына қарай отырады;

Г) Тамақтанып болғаннан кейін дастархан басында ең үлкен, әрі құрметті адам ғана асқа бата береді.

Сергіту сәті: Келесі кезеңге дайындаған көріністері бар, соны тамашалайық, қаладағы көрініс. **«Жастардың көшеде жүріп тамақтануы»**

Тәрбиеші сөзі: Келесі кезеңде бейнекөрініс, пайдалы, пайдасыз тағамдар туралы.

«Әдеби монтаж».

1) «Нан» туралы тақпақтар:

Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,
Нанда адамның еңбегі мен ары бар,
Нан — өмірдің ана сүті арқауы,
Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.
Бір кезде болып нанға зар,
Қадірін білген адамдар.

Әулие тұтып нанды ұстап,
«Нан ұрсын» - деп қарғанар.

2) Нанға үлкен жүрекпен қараңдар,
Нанды өмір деп санандар.

Нан болмаса қызығың, бақытын болмас бағалар.

Қызықты жаңалықтар.

Енді көрермендерге жұмбақ жасырамыз:

1) Алға жайып тұз дәмін,
Келтіреді үй сәнін.

Ол халқымның ақ жаны,
Жақсы дәстүр маржаны.
Кең пейілді арайлы,
Осы жерден тарайды.

Бұл не? (*Дастархан*)

2) Беттескен қос табақ,
Ортасында бас табақ.

Көзбен шоққа ораса,

Дәм піседі тамаша.

Бұл не? (*Тары*)

3) Шеңберлі есігі бар,

Жүздеген тесігі бар.

Ішіне кіргендердің,

Ұсағы жол табады.

Бұл не? (*Елеуіш*)

4) Сабы бар, басы жалтыр,

Табысын өлшеп әкеп.

Құдыққа тасып жатыр.

Бұл не? (*Қасық*)

Келесі кезеңде сұраққа жауап беру керек:

1) Балшықтан жасалған ыдыс? (*Құмыра*)

2) Күбіге құйып піскен не? (*Қымыз*)

3) Ұйытып қойып ішетін не? (*Айран*)

4) Табаға салып пісіретін не? (*Нан*)

5) Үйтіп, қазанға асатын не? (*Бас-сирақ*)

6) Сөреге кептіріп жаятын не? (*Құрт*)

Ойын **«Ойлан, тап»**.

Еттен жасалған тағамдарды үстел үстінен тауып, тақтаға дұрыс жауабын ілу.

Сүттен жасалған тағамдарды дұрыс табу.

Ұннан жасалған тағамдарды дұрыс табу

Бейнекөрініс «Наурыз көже»

Тәрбиеші: Біз енді сабақтың соңына жеттік.

Әнге кезек берейік. «Қазақ дастарханы» әнін тыңдайық.

Сабақты қортындылау.



Бесін асқа дастархан жасау

Мақсаты:

Білімділік: Балаларға бесін ас дастарханын жасау тәртібімен таныстыру.

Балалардың өз бетімен тағам түрлері дайындап үйрету арқылы аспаздық қабілеттерін дамыту. Балаларға ас мәзірін ережеге сай құрып, жеңіл тағам түрлерінің дайындау тәсілін үйрете отырып, ұқыпты әзірлеуге, әсемдікке, өз бетінше еңбектенуге және топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Қажетті құрал жабдықтар: слайд, тәттілер түрлері, тақтай, пышақ, тарелкелер, сулық, сүлгі, тәттілер, қажетті азық түрлері т.б.

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі;
— Балаларды түгендеу;
— Ас үй тазалығын тексеру;
— Балалар құралын тексеру;
— Балалардың назарын сабаққа аудару.

1. Сарамандақ жұмыс.

1) Техника қауіпсіздігі ережелерін еске түсіру;

а) Газ, электр плиталарымен жұмыс кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелері;

б) Пышақпен жұмыс кезіндегі техника қауіпсіздігі ережелері.

2. Сергіту сәті.**3. Түсіндіру.**

— Балалар, сабағымызды бастамас бұрын балалар күнделікті тағам ретінде пайдаланатын тағамымыз? Дастарханымыздың сәні? Ол «нан», иә балалар біз нан туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз?

1. Қоныс көркі — там;

Дастархан көркі — нан.

2. Ас атасы — нан;

3. Нан бар жерде ән бар;

4. Дәнді шашпа, нанды баспа.

Бүгінгі сабағымыз осы ауқаттылықтың, жетістіктің және бейбіт өмір тұрақтылығының белгісі — нанмен тікелей байланысты. Алдымен тәтті кекс жасаймыз, Кекс ағылшын сөзінен шыққан «кондитерлік тағам» деген мағынаны білдіреді. Оған керек заттар: жұмыртқа, қант, айран, май, қопсытқыш, ұн. Оларды таңғы ас, кешкі асқа тез дайындауға болады.

4. Аспаздық жекпе-жек. (Ортаға екі бала шығады)

Бес сезім (Балалардың сезім мүшелерінің қаншалықты жақсы дамығанын байқау үшін әр түрлі тағамдар ұсынылады)

а) Ішу арқылы (Шәй, лимонад, шырын, қымыз, шұбат, т.с.с.)

ә) Жеу арқылы (Құрт, жент, шәрбат, сарысу, сары секер т.с.с.)

б) Ұстап көру арқылы (печенье, торт, нан, кекс, бөлке, т.с.с.)

в) Иісі арқылы (алма, апельсин, киви, қауын, ананас, қияр, т.с.с.)

г) Дыбысы арқылы (қасық, стақан, кастрөл, шәугім, шәйнек, т.с.с.)

Үстел үстіне алдымен дастархан жайылады. Қазір сауда орындарында дастархандардың түр-түрі бар. Олар әдемі безендірілген әр түрлі матадан болғаны дұрыс. Дастарханның негізгі маталары — зығыр (лен) мен мақта-мата болып табылады. Ең дұрыс шешім — ақ матадан тігілген дастархан. Ақ түс дас-



тарханның сәнін ашып тұрады және үстел үсті әлдеқайда кең болып көрінеді. Дастархан үтіктелген, түзу жайылған, әрі шеттері бүгілмеген болуы шарт. Әдетте, дастархан жайғанда, екі адам екі жағынан ұстап тұрып, жоғары қарай сілкіп барып жаяды. Сонда ортада әуе шары секілді төмпешік пайда болады. Төмпешік басылып, үстелге тегіс тигенде барып, дастархан түзу әрі біртегіс жайылады. Тағы да, маңызды жайт, дастархан барлық жағынан 25 см жерге түсіп тұруы керек. Егер тым қысқа болса, үстелдің аяқтары сырт көзге оттай басылып, дөрекі көрінеді, тым ұзын болса да, қонақтарға жайсыздық тудырады.

Жабдықтау. Жалпы дастарханды жабдықтау дегеніміз не? Қазір өркениет кең етек жайған заманда қонақ күту рәсімі де барынша мәдениетті.

Қонақ алдына ұсынылатын тәрелке, шанышқы, қасық пен пышақ рет-ретімен, белгіленген тәртібімен орналастырылады.

Дастархан жабдықтауына арнайы тәртіп белгіленген:

- Алдымен фаянс ыдыс пен фарфор ыдыстар қойылады;
- Келесі ретте ас ішу аспаптары қойылады;
- Соңынан барып суын ішетін шыны стакандар қойылады;
- Майлық төселеді.

Есте сақтау керек: Ешқашан аяғы бар шыны ыдыстарды бел ортасынан ұстамайды, міндетті түрде аяғынан ұстайды.

Дастарханды жабдықтау әр түрлі болады. Ол күн мезгілі мен астың құрамына байланысты.

- Таңғы ас;
- Түскі ас;
- Кешкі ас.

Дастархан жабдықтаудың жалпы тәртібін қортындылау

5. Сабақты бекіту. Сұрақтарға жауап беру.

**Райхан Амангелдиевна
МОНТАЙБАЕВА
Қарағанды облысы білім
басқармасының**

**«Ерекше білім беру қажеттілігі бар
балаларды қолдау орталығы» КММ
тәрбиешісі.**

Қарағанды қаласы.

Ардагермен кездесу

Осыдан 35 жыл бұрын катерге бел буып, батырлықпен, қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, қашармандық танытқан, өздерінің Отан алдындағы парызына адал болған Ауған соғыс ардагерлеріне арналған, 2024 жылдың 14 ақпан күні №1 Абай атындағы қалалық кітапханада оқушыларды әскери-патриоттық сезімде тәрбиелеу мақсатында «Естен кетпес естелік» тақырыбында ауған соғысына қатысқан арда-



герлермен кездесу кеші өтті. Шарамыз Әнұранмен ашылды. Кездесуге жауынгер-интернационалист Б. Нурмағанбетов қатысты. Ол ауған соғысының тарихы мен өзінің басынан кешкен оқиғаларын баяндап өтті. Жастарға Отан алдындағы борышын өтеудің маңыздылығы мен патриоттық сезімдерін ояту мақсатында жүрек жарды әңгіме қозғады. Елімізге,



жерімізге қызмет жасаудың міндетті екенін атап айтты. Жастарға қазіргі танда білім алып, өздерінің ойлау қабілеттерін жетілдіру керектігін ескертті. Кездесуде оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. №63 М. Дулатов атындағы ЖББ орта мектеп 10-сынып оқушысы Айдана Балғабай «Ата толғауы» күйін орындап берді. Оқушылар көкейде жүрген сұрақтарын ардагерімізге қойып, еркін пікір алмасты. Шара соңында кітапханашы Г. Жакин «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым» кітап көрмесіне шолу жасады.

«Ерлік — жан дүниенің ұлы қасиеті» деген екен бір дана қария. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық

шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырдың жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесіп, бүгінгідей сұхбат жүргізіп, естеліктерін тыңдау — біз үшін бір ғанибет. Құрметті ағалар, сол бір сұрапыл соғыстың естеліктерін ортаға салып әңгімелеп бергеніңіздерге көп рахмет, - деп бүгінгі шарамызды аяқтадық.

А. БАЙМУХАНОВА,
№1 Абай атындағы қалалық кітапхана
меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Димаш Құдайберген – менің мақтанышым

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Димаш Құдайберген: өмірбаяның қызықты және ерекше фактілері» жоба аясында «Димаш Құдайберген – менің мақтанышым» атты эссе байқауы өтті. Байқаудың мақсаты жас оқырмандарға жеке тұлға, еліміздің дарынды әншісінің өмір жолын, туған елге деген сүйіспеншілігін, әдеби көркем тілін құрметтеуіне сүйене отырып, оқырмандар өз ойларын жүйелі түрде, әдеби көркем тіл арқылы жеткізе білуге машықтандыру.



Байқауға серіктес мектептердің оқырмандары қатысты. Қатысушылар Димаштың музыкалық орындаушылықтағы жан-жақтылығымен көзге түскенін, танымал әндерді жігерлендіре орындай алатындығын, репертуарында эстрададан операға дейінгі, сан алуан жанрларды қамтитынын және үлкен аудиторияны өзіне бағындыра алатынын айтып өткен. Димаш талантты әнші ғана емес, мінезі дүниетанымы ерекше жарқын тұлға, дүние жүзіндегі жанкүйерлердің жүрегің жаулап, музыканың биік шыңдарын бағындырып, біздің қазақ елінің



де, әлем сахнасында ойып алар орны бар әнші екенін дәлелдеген. Қатысушылар Димаш Құдайбергенге деген өз ойларын толық әсерлі мазмұнды, көркем тілдерімен жеткізен.

Байқаудың қорытындысы бойынша 1-орын иегері – серіктес Ілияс Есенберлин атындағы №15 орта мектептің 8 «Б» класс оқырманы Құралай Жұмажан; 2-орынның иесі №12 жалпы орта білім беру мектебінің 8 «А» класс оқырманы Айбек Мухарамов. Кітапханамыздың жанынан құрылған «Күншуақ» клубының белсенді мүшесі және №33 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің 4 «А» сынып оқырманы Мадина Денисимова 3-орын иеленді. Әссе байқауына белсенді қатысқан оқырмандар алғыс хаттар, кішігірім сыйлықтармен марапатталды.

Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Тіршіліктің бұлағы

Ана деген асылымыз, ей, адамдар!
Тіршіліктің нәрін берген ол аналар,
Дүниеде тіршілік жоқ анасыз,
Ақпайды ғой өзендер де арнасыз.

Бір ана бар әлемде ол — жер ана,
Бауырына кіріп жатыр бар дана.
Даналарды дүниеге әкелген,
Бір ғана жан, бір ғана жан ол ана.

Ана деген аспандағы алтын күн,
Күн болмаса билер қара түн.
Күн сөнбейді ешқашанда, тіршілікке нәр
болып,
Сондықтан да қастерлейік ана атын.

Ана деген бар тіршіліктің бұлағы,
Бар адамзат жағадағы құрағы.
Ананы сүй, қастерле сен Ананы,
Шашына бір ақ түсірме дананың.



Гүлнафис Әнуарбекқызы
ӘСІМОВА,
№12 орта мектептің қазақ тілі
мен әдебиет пәні мұғалімі.
Заречный ауылы,
Алматы облысы.



Мектептегі мерекелер:

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді. Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Индекс 75489

*Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!*

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
«Мектептегі мерекелер		75489									
тәрбие жұмыстарының сценарийлері»											
		Комплекті саны									
2024 жылға, айлары											
кайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
кімге		(аты, жөні)									
		Тасымалдау карточкасы									
ПВ		орны	75489								
		Басылым индексі									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тиын ...тиын	комплекті саны							
2024 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											
кайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
кімге		(аты, жөні)									

